

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.
2. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік алпыс қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 5 тамыздағы
№ КР ДСМ-76 бүйрүгімен
бекітілген

**"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидалары**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері турали" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі турали ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес өзірленген және меншік нысанына қарамастан білім беру объектілерінде объект салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайларына, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 18.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

2. Осы Санитариялық қағидалар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілерін (бұдан әрі – мектепке дейінгі ұйымдар) қоспағанда, білім беру ұйымдарының объектілеріне, оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқыту, тәрбиелеу, тұру және тамақтану орнын ұйымдастыру объектілеріне, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдарына (бұдан әрі – объектілер) қолданылады.

3. Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізіледі.

4. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылды:

1) арнайы білім беру үйымдары – бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын менгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өсір сұру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру үйымдары;

2) орта білім беру үйымы – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беру және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымы;

3) бракераж – органолептикалық көрсеткіштер бойынша тاماқ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;

4) білім беру үйымдары – заңды тұлғалар, сондай-ақ меншік нысанына және үйымдық құқықтық нысанына қарамастан, бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бағуды және оларға тәрбие беруді қамтамасыз ететін халықаралық мектеп мәртебесі бар заңды тұлғалардың филиалдары, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер;

5) білім берудің оқу-сауықтыру үйымы – балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеу, оларға білім беру, сауықтыру, олардың демалысы жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы;

7) жазу құралдары – жазу дәптерлері, жазуға және сурет салуға арналған құралдар, оларға қаламдар, қарындаштар, фломастерлер, пенал, циркуль, маркерлер, көмір түйірлері, борлар, стерженьдер, грифельдер жатады;

8) жалпы білім беретін мектеп – бастауыш, негізгі орта жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдары – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға тұратын орындар бере отырып, оларды тәрбиелеу, оларға білім беру үшін қолайлы жағдай жасалатын үйим;

10) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізілетін дербес құжат;

11) жиынтық оқу жүктемесі – Үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті белгі сағаттарының жалпы саны;

12) интернат ұйымдары – тұратын орын беріле отырып, белгілі бір санаттағы адамдардың білім алу құқықтарына мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

13) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – КТБО) – ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтағанға дейін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балалар мен жасөспірімдерді, уақтылы орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығының қалған балаларды, қорғанышылық және қамқоршылық органы балалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе қамқорлықта алған басқа адамдардан алып қойған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды және уақытша бағуды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар;

14) лицей – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

15) мамандандырылған білім беру ұйымы – жалпыға міндettі мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде әзірленген және ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруге, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған негізгі және жалпы орта білім берудің мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны, спорттық объектілер;

16) мектеп алды сыныптары (0) – жалпы білім беретін мектептерде бес, алты (жеті) жастағы балаларды тегін міндettі мектеп алды даярлау жүргізілетін сыныптар;

17) мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы (бұдан әрі – мектептен тыс объектілер) – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамытуға, денсаулығын нығайтуға және өзін-өзі кәсіптік түрғыдан айқындауға, шығармашылық еңбегіне, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеуге, бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған оқу-тәрбие ұйымдары;

18) оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) – білім алушының оқу пәні (пәндер) бойынша білім мазмұнын менгеруін қамтамасыз етуге бағытталған және оқулыққа ілеспе болатын жекелеген оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

19) оқу жүктемесі – әрбір жас тобы үшін оқу сағаттарымен өлшенетін оқу-тәрбие процесіне қатысадын нормаланатын жиынтығы;

20) оқу сағаты – сабактың (жаттығудың) немесе дәрістердің сабак басталғаннан үзіліске дейінгі ұзақтығы;

21) оңтайлы микроклиматтық жағдай – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге ұзак және жүйелі әсер ету кезінде термореттегіш тетіктерінің көмегінсіз организмнің қалыпты жылу жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін микроклиматтың сандық көрсеткіштерінің үйлесімдігі;

22) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам мен мекендеу ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындаитын іс-шаралар, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені;

23) рекреация – үзіліс кезінде және сабактан бос уақытта білім алушылар мен тәрбиеленушілердің демалуына және күшін қалпына келтіруге арналған үй-жай;

24) санитариялық-аулалық қондырғылар (бұдан әрі – САҚ) – орталықтандырылған көрізben байланысы жоқ, объектінің аумағында орналасқан жер үсті бөлігі мен қазылған шұңқыры бар дәретхана;

25) санитариялық арнайы киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдар мен дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен ластанудан және басқа да ластанулардан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш күмінің жиынтығы;

26) септик – шағын көлемдегі тұрмыстық сарқынды суды тазалауға арналған құрылыш;

27) спорт объектілері – қызметі балалар және жасөспірімдерді емдеу-сауықтыру, дene шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбие жұмыстарын және мәдени бос уақытты ұйымдастырумен және жүзеге асырумен байланысты ұйымдар;

28) сыныптардың (топтардың) толықтырылуы – сыныптағы білім алушылардың нормаланған саны;

29) ұтымды тамақтану – тамақтанудың физиологиялық және жас ерекшелігі нормаларын ескере отырып, теңестірілген тамақтандыру;

30) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – егде жастағы адамдар, мүгедектігі бар адамдар, өз бетінше жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қыындық көріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды және (немесе) кресло-арбаларды пайдаланатын адамдар;

31) халықаралық мектеп – дербес әзірленген интеграцияланған білім беру бағдарламаларын іске асыратын, Халықаралық Бакалавриат ұйымында авторизациялаудан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен оқу орны;

32) шағын жинақталған мектеп – білім алушылар контингенті az (5 баладан бастап), біріккен сынып-жиындары бар және оқу сабактарын ұйымдастыру нысаны ерекше жалпы білім беру мектебі.

Ескерту. 4-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Объектінің салынатын жер участекін таңдауға, жобалауға, пайдалануға, реконструкциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

5. Объектінің жер участекін таңдау, жобалау, реконструкциялау "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылымдың қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәulet, қала құрылышы және құрылымдың істері бойынша уәкілетті орган бекітетін сәulet, қала құрылышы және құрылымдың саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәulet, қала құрылышы және құрылымдың саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарымен айқындалады.

6. Жалпы білім беру үйімдарының және білім алушылар мен тәрбиеленушілердың тұратын орындарын үйімдастыратын объектілердің аумағында сәulet, қала құрылышы және құрылымдың саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршау болуы тиіс. Қоршау зақымдалмаған болуы тиіс.

7. Объектілердің аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттарды, құрылыштар мен құрылышжайлар орналастыруға жол берілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көп қабатты тұрғын үйлерде, жеке үй иелігінде, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын мектептен тыс объектілерде жеке жер участекі болмауына жол беріледі.

9. Объектінің участекіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыштарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, САҚ-қа аппаратын жолдар асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылады.

10. Жалпы білім беретін үйімдардағы үй-жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері) ауданы оқытуудың аралас нысандарында (фронтальды және топтық) бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр (бұдан әрі – m^2) нормасы белгіленеді. Халықаралық мектептерді (сыныптар, оқу кабинеттері) жобалау кезінде үй-жайлар алаңының нормасы жобалауға арналған тапсырмамен немесе "Стандарттау туралы" және "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылымдың қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Зандарында белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттарда, өнірлік стандарттарға немесе шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкес белгіленеді. Технологияны және еңбекті зерделеу шеберханаларының, сондай-ақ

бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м².

11. Техникалық және кәсіптік білімнің (бұдан әрі – ТжКБ), орта білімнен кейінгі (бұдан әрі – ОБК), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (бұдан әрі – ЖОО) оқу кабинеттері мен дәрісханалары үй-жайларының ауданы:

- 1) 12 – 15 орын үшін 1 білім алушыға 2,5 м²;
- 2) 16 – 25 орын үшін 1 білім алушыға 2,2 м²;
- 3) 26 – 49 орын үшін 1 білім алушыға 1,8 м²;
- 4) 50 – 75 орын үшін 1 білім алушыға 1,5 м²;
- 5) 76 – 100 орын үшін 1 білім алушыға 1,3 м²;
- 6) 100 – 150 орын үшін 1 білім алушыға 1,2 м²;
- 7) 150 – 350 орын үшін 1 білім алушыға 1,1 м²;
- 8) 350 және одан артық орын үшін 1 білім алушыға 1,0 м² болып айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 18.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің саны обьектінің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға енгізілмейді.

13. Әрбір ауысымда 1 білім алушыға шаққандағы аудан нормалары және осы Санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда оқудың екі ауысымдық режимін үйимдастыруға жол беріледі.

14. Пайдалану режимі шумен қоса жүретін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің аландауын тудыруы мүмкін, педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіруі немесе оларды бұзуы мүмкін үй-жайлар (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшесі бар салқыннатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық) жатын бөлмелермен, оқу, медицина кабинеттерімен көршілес, олардың астына немесе үстіне орналастырылмайды.

Шу мен дірілді оқшаулау жөніндегі іс-шаралар орындалған жағдайда жатын бөлмелерін, оқу және медициналық кабинеттерді, адамдар тұрақты болатын үй-жайларды, желдету жүйелерінің техникалық үй-жайларына тігінен және көлденеңінен жанасатын үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

15. Мектептен тыс обьектілер үй-жайларының жиынтығы қосымша білім беру бағдарламаларының іске асырылуына, бір жолғы сыйымдылығына, білім беру технологиясына, инженерлік-техникалық жабдыққа, қажетті жиһазбен жарақтандырылуына қарай белгіленеді.

16. Спорт залының жылтыу жүйесінің радиаторлары терезе астындағы құystарда орналастырылады және торлармен жабылады немесе еденнен біiktігі 2,4 метрде (бұдан әрі – м) орналастырылады. Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары көзделуі тиіс.

17. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Оқу үй-жайларындағы, кабинеттердегі және рекреациялардағы еденнің тақтай немесе паркет төсемі болуы тиіс. Едендерге ылғалды тәсілмен өндөуге және дезинфекциялауға жол беретін синтетикалық полимерлі материалдар, жылы линолеум төсөуге болады.

Спорт залының едені ағаштан болуы немесе арнайы төсемі болуы, еденнің беті тегіс, саңылаусыз және ақаусыз болуы тиіс.

Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден механикалық әсерге төзімді, химия кабинеттері мен зертханаларында – химиялық реагенттерге төзімді материалдан жасалады.

18. Объектілер жеке тұрған ғимаратта немесе бірнеше жекелеген ғимараттарда пайдаланылады.

Объектілерді бейімделген ғимараттарда, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда пайдалануға жол беріледі. Жалпы білім беру үйымдарын бейімделген ғимаратта пайдаланған кезде оқу үй-жайларының және кабинеттердің есептік сыйымдылығы 1 білім алушыға шаққанда $2,5\text{m}^2$ аудан нормасы ескеріле отырып айқындалады.

19. Объектілерді тұрғын үй ғимараттарында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастыру сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтермен айқындалады.

20. Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында пайдаланылатын объективтердің тұрғын үйдің кіреберісімен қосылмаған бөлек есігі болуы тиіс.

21. Объектінің жертөле және цокольдық қабаттарындағы үй-жайлар сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес орналастырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 18.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Барлық үй-жайлар функционалдық мақсатына сәйкес пайдаланылуы тиіс.

23. Авариялық ғимараттарда және үй-жайларда орналасқан объективтерді пайдалануға жол берілмейді.

24. Объектілерде мектепке дейінгі үйымдар, компьютерлік сыйыптар, мамандандырылған медициналық және стоматологиялық кабинеттер, шаштараздар, кір жуатын орындар, бассейндер, оқу-өндірістік шеберханалары, тамақтану объективтері

болған жағдайда Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптары қолданылады.

25. Объектілерді реконструкциялау кезінде осы Санитариялық қағидалардың 6-24-тармағы аралығындағы талаптардың сақталуы көзделеді.

3-тaraу. Сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны балтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

26. Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен, ыстық сумен жабдықтау, су бұру көзделеді және олар жарамды жағдайда болуы тиіс.

27. Объектілер нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

28. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндер, шәйнектер, бөшкелер және басқалар) өлшеп-құйылған немесе шөлмектердегі ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішін таза ыдыс (шыны, фаянс ыдыс, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылады.

Жеке шөлмек сыйымдылықты пайдалануға рұқсат етіледі. Қайнаған ауыз су 3 сағаттан аспай сақталған жағдайда оны пайдалануға жол беріледі.

29. Стационарлық ауыз су бұрқақтарының конструктивтік шешімдері судың тік ағынының айналасында биіктігі кемінде он сантиметр болатын шектеу сақинасының болуын көздейді.

30. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін объекті басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объективтерде болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етіледі.

31. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда ішкі су құбыры және су бұру құрылғысымен жергілікті ауыз сұзы мақсатындағы көздерден алынатын су пайдаланылады.

32. Шаруашылық-ауыз су мұқтаждығы үшін әкелінетін ауыз-суды пайдалануға жол беріледі, оны жеткізу мамандандырылған автокөлікпен, ауыз сумен жанасуға рұқсат етілген материалдардан жасалған, уақтылы тазартылатын, жуылатын және дезинфекцияланатын таңбаланған арнайы сыйымдылықтарда жүргізіледі.

33. Әкелінетін сумен жұмыс істейтін объективтерде ауыз су қорын сақтауға арналған сыйымдылықтар орнатылған жеке үй-жай көзделеді. Сыйымдылықтар таңбаланады ("

ауыз су"), олар апта сайын (және қажеттілігіне қарай) жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, тазартылады және дезинфекцияланады. Ауыз суға арналған сыйымдылықтарды өзге де мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

34. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған кезде су жылдықтыштар орнатылады. Ыстық және салқын су барлық ванналарға, себезгілерге, кір жуатын орындарға, қолжуғыштарға, оның ішінде санитариялық тораптарға, түстену залдарына, тұратын орындарға, медициналық мақсаттағы үй-жайларға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыштар орнатылған технологиялық жабдыққа жүргізіледі.

Сумен жылдыту жүйесіндегі ыстық суды технологиялық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

35. Сурет салуға және жабыстыруға, өсімдіктермен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар, шеберханалар, медициналық блок үй-жайлары, ас блогының өндірістік үй-жайлары ыстық және суық су өткізілген раквиналармен, қол жууға және кептіруге арналған құралдармен жабдықталады.

36. Объектілерді көріз жүргізілмеген және ішінара көріз жүргізілген орындарда орналастырған кезде жергілікті су бұру құрылғысы көзделеді. Сарқынды суларды, оның ішінде САҚ-тың сарқынды суын қабылдауды объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен (сифондар) жарақталған жалпы немесе бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарға (шұнқырға, септикке) жүзеге асырады, оларды тазалау уақтылы жүргізіледі.

Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ су сініргіш құдықтар құрылғысына ағызуға жол берілмейді.

37. Өндірістік, қойма үй-жайларындағы, тұрмыстық үй-жайлардағы су бұруға арналған көріз бағандары сыланған қораптарға салынады.

38. Көріз жүргізілмеген жерлерде жылы санитариялық тораптар (75 адамға 1) және су құйылатын қолжуғыштар (30 адамға 1) орнатылады.

Жылы санитариялық тораптардың жерусті үй-жайлары және су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұнқыры болады. Жылы санитариялық тораптарды жинау күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі. Қазылған шұнқыр уақтылы тазаланады.

Жобаланатын, салынып жатқан және реконструкцияланатын білім беру объектілерінде көріз жүргізілмеген және ішінара көріз жүргізілген жерлерде санитариялық тораптар, оның ішінде жылы санитариялық тораптар объектілердің ғимараттарында орналастырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Объектілердің ғимараттары орталық жылыту жүйелерімен жабдықталады. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзі болмаған жағдайда сұйық, қатты және газ түріндегі отынмен жұмыс істейтін автономды қазандық көзделеді.

40. Селолық елді мекендердегі шағын жинақталған мектептердің бір қабатты ғимараттарында пешпен жылыту құрылғысына жол беріледі. Пешті жағу жеке есігі бар оқшауланған үй-жайда жүргізіледі.

41. Жылыту кезеңінде ауаның температурасы нормалау құжаттарына сәйкес айқындалады.

42. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыруды сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жобалау керек. Жасанды жарықтандыру үшін жарық диодты, люминесцентті және энергия үнемдеуші шамдарды пайдаланады. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді.

43. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру болады.

44. Оқу үй-жайларындағы, ойын және жатын бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен корғайтын құрылғылармен жабдықтайты.

45. Оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандыруға жол беріледі. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмейді.

Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалады.

46. Жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылады. Жарықтандыру кезінде шағылышқан және шашыраңқы жарықты шамдарды пайдаланады, оларды плафондармен қамтамасыз етеді.

47. Білім беру объектілерін жасанды жарықтандыру көрсеткіштері нормалау құжаттарына сәйкес айқындалады.

48. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар мен тәрбиленушілерге арналған объектілердегі оқу үй-жайларын (сыныптарды, кабинеттерді, зертханаларды, шеберханаларды), сондай-ақ оқу залдарын жасанды жарықтандырудың құрамдастырылған жүйесімен жабдықтайты. Көру патологиясының түріне байланысты жалпы және жергілікті жарықтандырудың жиынтық жарықтандыру деңгейі мынаны құрайды:

1) жоғары дәрежелі қурделі алыстан көрмейтіндер және жоғары дәрежедегі жақыннан көрмейтіндерге – 1000 люкс (бұдан әрі – лк);

2) торлы қабық пен көру нервісі зақымдалғандарға (көздің қарығуы болмайтын) – 1000 – 1500 лк;

3) жарықтан қорқу ауруынан зардап шегетіндерге – 500 лк-тен артық емес;

4) жасанды жарықтандыру деңгейі жалпы жарықтандыру жүйесінен 400 лк-тен аспауы тиіс;

5) әр жұмыс орнын кемінде 400 лк жергілікті жарықтандыру шамдарымен жабдықтайды.

Шамдар үстелдің бетіне нығыз бекітілуі және олардың еңкею бұрышы мен жарық көзінің биіктігін өзгертуге мүмкіндік беретін иілімді кронштейні болады.

49. Істен шыққан шамдар ауыстырылады. Жарамсыз, құрамында сынап бар шамдар білім алушылар мен тәрбиленушілердің қолы жетпейтін жеке үй-жайда сақталады. Пайдаланылған құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағыштарға тастауға жол берілмейді. Пайдаланылған құрамында сынап бар шамдарды сақтау және кәдеге жаратуға жіберу объекті басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктеледі.

50. Объектілердің ғимараттары желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталады. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделеді. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылады.

51. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптары сақталады.

52. Оку үй-жайларын үзілістер кезінде, рекреациялық үй-жайларды сабак уақытында желдетеді. Сабак басталғанға дейін және олар аяқталғаннан кейін оку үй-жайларында өтпелі желдету жүзеге асырылады. Өтпелі немесе бұрыштан желдетуді білім алушылар мен тәрбиленушілер болмаған кезде жүргізеді. Өтпелі желдетуді дәретхана үй-жайлары арқылы жүргізбейді.

53. Станоктарда және тетіктерде жұмыс істеу жылу мен шаңның көп мөлшерінің бөлінуімен байланысты болатын шеберханалар сору-сыртқа тарту желдеткішімен және жергілікті шанұстағыштармен және сыртқа тарту құралдарымен жабдықтайды.

54. Объектілерде нормалау құжаттарына сәйкес үй-жайлардың онтайлы микроклиматтық жағдайлары (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) қамтамасыз етіледі.

55. Ауаның температурасын бақылау үшін білім беру үйымдарының ойын, оку және жатын үй-жайларында, балаларды тәрбиелеу және олардың тұратын орындарында, сондай-ақ медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылады.

4-тарау. Объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

56. Жыл сайын объектіде ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

57. Объектілер жұмыс істеп тұрған кезде авариялық жағдайларды жою жұмыстарын қоспағанда, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының түрлерін жүргізуғе жол берілмейді.

58. Үй-жайларды әрлеу үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар құрылыш материалдары пайдаланылады.

59. Вестибюльдерде, холлдарда, рекреацияларда, акті жөне мәжіліс залдарында, әкімшілік үй-жайларында конструкциясы әртүрлі аспалы төбелерді қолдануға жол беріледі.

60. Барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бұлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілерінсіз болуы тиіс.

61. Қалыпты режимде пайдаланылатын үй-жайлардағы қабырғалардың, еденнін, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндегі тегіс, күнгірт болады.

Ылғалды режиммен жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну орындары) қабырғаларын жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін тақтаймен немесе ылғалға төзімді басқа материалдармен, кемінде 1,5 м биіктікке, себезгі бөлмелерінде кемінде 1,8 м биіктікке қаптайды.

62. Терезе әйнектері, электр шамдардың плафондары және сыртқа тартып желдету жүйесінің жалюзді торлары таза ұсталады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жарықтандыру арматурасын тазалауга және терезелерді жууга тартуға жол берілмейді.

63. Желдету үшін ашылатын терезелерге, форточекаларға, фрамугаларға москит торлары орнатылады.

64. Объектілердің аумағы, ашық ауадағы дene шынықтыру және спорт аландары таза ұсталады, бөгде заттардан бос болуы тиіс.

65. Барлық үй-жайлар таза ұсталады. Ас блогын және дәретханаларды күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жинайды. Дәретханаларда еден, есік тұтқалары, кранның құлақтары, раковиналар және унитаздар күн сайын дезинфекциялауға жатады.

Үй жайларды ылғалды жинауды ұйымның техникалық персоналы жүргізеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді санитариялық тораптарды жинауға тартуға жол берілмейді.

66. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ерітіндінің дайындалған күнін көрсете отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындейді. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмысшы ерітінділері білім алушылар мен тәрбиешілердің қолы жетпейтін орындарда сақталады.

67. Жинау мұкәммалы (легендер, шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланады және олар жекелеген үй-жайларға (санитариялық торап, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақ ішетін залдар, рекреациялар, оқу кабинеттері, жатын бөлмелер, өндірістік шеберханалар) бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

Барлық ұйымдардың санитариялық тораптары үшін жинау мүкәммалының белгілік таңбасы болады.

68. Объектілерде дератизациялау және дезинсекциялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Жәндіктердің, кенелердің және басқа да буынақтылар мен кеміргіштердің болуына жол берілмейді.

69. Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаңға орнатылады. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) тазаланады, жуылады және дезинфекцияланады.

Көп пәтерлі түрғын үйдің бірінші қабатында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналасқан объектілердің қоқысын жинау үшін түрғын үйдің ортақ қоқыс жинағыштары немесе контейнерлері пайдаланылады.

5-тaraу. Оқыту және өндірістік практика жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

70. Жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қабылданады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сактау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

71. Жалпы білім беру ұйымдарында сабактың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабактарының "сатылы" режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабак 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан жоспарланады. Сабактарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс.

72. Жалпы білім беру ұйымдарындағы апталық оқу жүктемесі осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нормалардан аспауы тиіс.

Кестедегі сабактар саны ата-аналар комитетімен келісіледі.

73. Бастауды мектепте қосарланған сабактарды өткізуге жол берілмейді.

Сабак кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой енбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі және осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қыындығы бойынша пәндерді сарапалау кестесі пайдаланылады.

74. Мектептің сабак кестесі міндетті және факультативтік сабактар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабактар міндетті сабактардың саны барынша аз күндері жоспарланады.

Күн сайынғы оқу жиынының салмағы:

1-3-сыныптардың білім алушылары үшін – 1,5-2,0 килограмм (бұдан әрі – кг);

4-5-сыныптардың білім алушылары үшін – 2,0-2,5 кг;

6-7-сыныптардың білім алушылары үшін – 3,0-3,5 кг;

8-11(12)-сыныптардың білім алушылары үшін – 4,0-4,5 кг - нан аспауы тиіс.

Сабак кестесі оқу портфельінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылады.

75. Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабактар арасындағы ұзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен ұзіліс (2-ші немесе 3-ші сабактан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен ұзілістің орнына екінші және төртінші сабактан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі ұзіліс жасауға жол беріледі.

Ұзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут ұзіліс көзделеді.

76. Мектепалды сыныптардағы сабактардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан болып төрт сабактан аспайды. Сабактар арасындағы ұзілістер кемінде 10 минутты құрайды.

Мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, дербес компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабактардың ұздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде:

- 1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1 сыныптарда – 15 минуттан аспайды;
- 2) 2-3 сыныптарда – 20 минуттан аспайды;
- 3) 4-5-сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 4) 6-8 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 5) 9-11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспайды.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 18.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. ТЖКБ, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушыларының оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары белгіленеді.

78. Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беру ұйымдары жанында дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбие қызметін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мәдени бос уақытын өткізууді жүзеге асыратын мектеп жанындағы лагерьлерді (алаңдарды) ұйымдастыруға жол беріледі. Мектеп жанындағы лагерьлер

жұмыс істеген уақытта тамақтандыруды және күндізгі үйқыны ұйымдастыруға жол беріледі. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде осы Санитариялық қафидалардың талаптары ескеріледі. Күндізгі үйқыны ұйымдастыру кезінде жатын үй-жайы бөлінеді, жеке кереуеттер (жазылатын кереуеттер) орнатылады, жеке төсек-орын жабдықтары (жайма, жастықтың тысы, көрпенің тысы) және кемінде екі орамал (аяқа және қолға арналған) көзделеді.

79. Өндірістік практика оқу-тәрбие процесінің кестесіне сәйкес жүргізіледі. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің технологиялық жабдықты жөндеуіне жол берілмейді.

80. Ойын және спорт аландарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдық білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына және жасына сәйкес келеді. Спорт, ойын жабдығы жарамды күйде ұсталады.

81. Оқу жиһазын ірікте алуды білім алушылардың бойына сәйкес жүргізеді. Оқу жиһазының өлшемдері осы Санитариялық қафидаларға 5-қосымшада көрсетілген.

82. Объектілерде оқу кабинеттері, зертханалар жұмыс үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталады.

Мынадай білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

есту, көру қабілеті бұзылған білім алушылар мен тәрбиеленушілер тақтаға жақын, алдыңғы қатардағы үстелдерге;

жіңі суық тиіп ауыратын білім алушылар мен тәрбиеленушілер сыртқы қабырғадан алыс отырғызылады.

83. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіле отырып, орнатылады. Негізгі жарық ағынының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмейді.

84. Физикалық және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін физика мен химия кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу, химия кабинетінде (орталықтандырылған сумен жабдықтау болғанда) су және көріз жүргізу көзделеді.

Химия кабинетінде сыртқа тарту шкафы жабдықталады.

85. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер таңбаланады, жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталады.

86. Оқу шеберханаларында мамандандырылған верстактарда және үстелдерде жұмыс істеу кезінде өздерінің мақсатына сәйкес арқалығы жоқ көтеріліп-бұрылатын отырғыштар қолданылады.

87. Шеберханалар шуы аз жабдықпен жарақталады, шу мен діріл деңгейлері нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

88. Спорт залдарының жанындағы киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен немесе ілгіштермен және орындықтармен жабдықталады.

89. Спорттық төсөніштер мен снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өндөуге және дезинфекциялауға жол беретіндегі бүтін болады.

90. Секіруге арналған шұңқырларды үтінділер қосылған таза құммен (тас, бұтақтар, жапырақтары жоқ) толтырады, секіру алдында іші қопсытылады және тегістеледі. Шұңқырлардың ағаш ернеулері жердің бетімен бір деңгейде болуы тиіс, олар брезентпен немесе резенкемен қапталады.

Жүгіру жолдарының бетінің қатты, жақсы құрғатылатын жабыны болуы, нығыз, шанданбайтын, атмосфералық жауын-шашиңға тәзімді жоғарғы қабаты болуы тиіс.

91. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су құятын қолжуыштарды орнатуға жол беріледі.

92. Объектілердің санитариялық тораптарында унитаздар, қол жуатын раквиналар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштар орнатылады. Білім алушылар мен тәрбиленушілерге арналған унитаздар жабық кабиналарда орналастырылады, білім беру объектілерінің мектеп алды сыйнұттары үшін балаларға арналған унитаздар орнатылады.

Объектілердің оқу және тұрғын корпустарындағы санитариялық аспаптарға қажеттілік осы Санитариялық қағидаларларға 6-қосымшаға сәйкес көзделеді.

Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтар үшін санитариялық құралдардың орнатылуы және оларға қажеттілік сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес нормаланады.

93. Білім алушылар мен тәрбиленушілер үшін сатып алынған өнімдердің (ойыншықтар, аяқ киім, киім, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, парфюмерлік-косметикалық өнім, жиһаз) оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

6-тaraу. Объектілерде тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

94. Білім алушылар мен тәрбиленушілердің тұруына арналған объективтің бөлек тұрған ғимараттарға, ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарға, сондай-ақ оқу корпустарымен көрші ғимараттарға орналастыруға жол беріледі.

Жатын үй-жайлардағы ауданы 1 орынға кемінде 4 m^2 , полиемиелит және енжар параличтен зардап шеккен балаларға арналған мектеп-интернаттарда $4,5\text{ m}^2$ көзделеді.

ТжКБ, ОБКБ және ЖОО білім алушыларына арналған жатақханаларда 1 адамға кемінде 6 m^2 аудан көзделеді.

95. Үй-жайлар олардың функционалдық мақсаттарына сәйкес жиһазben жабдықталады.

Төсек-орын жабдықтары, жаңа және ескі киімдер мен аяқ киімдер, қатты мүкәммал қорларын сақтау үшін қойма үй-жайлары көзделеді.

96. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тәулік бойы болатын объектілерде шомылдыру төсек-орын жабдықтарын, іш киім мен орамалдарды бір уақытта ауыстыра отырып, кесте бойынша жеті күнде бір реттен сиретпей жүзеге асырылады.

97. Төсек-орын жабдықтарын, орамалдарды ауыстыру ластануына қарай, бірақ алтасына бір реттен сиретпей жүргізіледі. Лас киім-кешек кір жуатын орынға қаптармен (клеенкалы және мата) жеткізіледі. Матадан тігілген қаптар жууға тапсырылады, клеенкалы қаптар қолдануға рұқсат етілген жуу құралдарымен өнделеді. Таза киім-кешек жүйлін қаптарда жеткізіледі. Төсек-орын жабдықтары жылына кемінде бір рет камералы дезинфекциялауға жатады.

98. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жабдығының болуы көзделеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұратын орны ұйымдастырылған объектілерде төсек-орын керек-жараптары мен төсек-орын жабдықтары таңбаланады, жеке гигиенаға арналған заттар (тіс щеткалары, тарақтар, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді. Жеке тіс щеткалары, жөкелер жуынатын бөлмелердегі ашық ұяшықтарда сақталады.

99. Кір жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылады, таза және лас киім-кешектің қарама-қарсы ағыны болмайды. Кір жуатын орын болмаған жағдайда кір жуу басқа кір жуатын орындарда бір орталықтан жүргізіледі.

Инфекциялық аурумен ауырған адамның киім-кешегі жуу алдында таңбаланған ванналарда дезинфекциялауға жатады.

100. ТжКО, ОБКБ және ЖОО білім алушыларына арналған студенттік жатақханаларда 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қол жуатын раквина және 1 унитаз орнатылады. Әйелдердің жеке гигиенасы кабинасы 50 адамға шаққанда 1 кабина есебінен көзделеді және унитазбен, бидемен, себезгімен және қол жуатын раквинамен жабдықталады.

7-тaraу. Объектілердегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

101. Объектілердің ас блогтарына осы Санитариялық қағидалардың талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын нормалай құжаттарының талаптары қолданылады.

102. Тамақ ішу арасындағы интервал 3,5 – 4 сағаттан аспауы тиіс.

103. Тәрбиелеу және білім беру объектілерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормалары ("брутто" массасында) "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызыдағы № 320 қаулысымен регламенттелген.

104. Объектіде перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық ұтымды, үйлестірілген мәзір жасалады. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы, жас санаты ескеріледі, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді.

105. Жалпы білім беретін ұйымдардың бірінші ауысымының білім алушылары үшін бір-екі рет тамақтану – екінші таңғы ас немесе екінші таңғы ас пен тұскі ас, екінші ауысымының білім алушылары үшін – бесін ас, ұзартылған күн топтары үшін – екінші таңғы ас, тұскі ас және бесін ас көзделеді. Балалар тәулік бойы болатын кезде кемінде бес рет тамақтану көзделеді.

106. Жасқа байланысты граммен тағам порцияларының массасы осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген.

107. Осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшага сәйкес тамақ өнімдерін ауыстыруға жол беріледі.

108. Мәзірде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде және келесі екі-үш құнтізбелік күнде қайталауға жол берілмейді.

109. Күн сайын тамақтану рационына ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант енгізіледі. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сұзбе, құс еті екі-жеті құнтізбелік күнде бір рет енгізіледі.

110. Таңғы ас тағамнан (бірінші немесе екінші) және сусыннан (компот, кисель, шай және шырындар) тұрады. Жұмыртқаны, шырындарды, жемістерді, сары маймен немесе ірімшікпен бутербродтарды таңғы асқа енгізуге немесе жеке қабылдауға жол беріледі.

Тұскі асқа салат, бірінші, екінші тағам (негізгі тағам еттен, балықтан немесе гарнири бар құс еті) және үшінші (компот, кисель, шай және шырындар) кіреді. Пісірілген және жас қекөністерден оңай жасалатын салаттар дайындалады.

Бесін аста мәзірге тоқашпен және кремі жоқ кондитерлік өнімдермен бірге сусын (сүт, қышқыл сүт өнімдері, кисель, шырындар) енгізіледі.

Кешкі ас қекөніс (сұзбе) тағамынан немесе ботқадан, негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе гарнири бар құс еті), сусыннан (шай, шырын, кисель) тұрады.

Қосымша екінші кешкі ас ретінде жемістер немесе қышқыл сүт өнімдері, тоқаш немесе кремі жоқ кондитерлік өнімдер енгізіледі.

